



Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі Жасқайрат ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 7220 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қайрат ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Қайрат ауылдық округінің Жасқайрат ауылының келесі атауы жоқ көшелеріне атаулар берілсін:

№1 атауы жоқ көше – Бауыржан Момышұлы көшесі;

№2 атауы жоқ көше – Ыбырай Алтынсарин көшесі;

№3 атауы жоқ көше – Нәзір Төреқұлов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайрат ауылдық округінің әкімі

Е. Битниев

Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданы
Қайрат ауылдық округі әкімінің
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 11 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі Жасқайрат ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы схемалық картасы

